

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

The image features a solid blue background. In the center, the text 'ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ' and 'ТЕХНОЛОГИЯСЫ' is written in a white, serif font. On the right side, there are several white lines of varying thicknesses that run diagonally from the bottom towards the top right corner, creating a sense of movement and modernity.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ДЕГЕНІМІЗ

МҰҒАЛІМНІҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЛЕЛІ
ЖАҒДАЙЛАР ТУҒЫЗУ ЖӘНЕ ОНЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЕШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК
ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕСІНДЕ
ШЫҒАРМАШЫЛДЫҒЫН, КӘСІПТІК БІЛІМІН,
ДАҒДЫСЫН, ІСКЕРЛІГІН, ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН
ЖЕТІЛДІРУДІ ТУҒЫЗУ. (Г.К.СЕЛЕВКО).


ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ (Д. ДЬЮИ)

БАЛА БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ТЕК
ТЫҢДАП, НЕ БОЛМАСА СЕЗІМ МҮШЕЛЕРІМЕН
ҚАБЫЛДАП ҚАНА ҚОЙМАЙ БІЛІМДІ МЕНГЕРУ
НӘТИЖЕСІНДЕ ОЛ БЕЛСЕНДІ АДАМ БОЛАДЫ.

ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРДІҢ ШАРТТАРЫ:

ОҚУ МАТЕРИАЛЫНЫҢ ПРОБЛЕМАСЫ;
ОҚУШЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ;
БАЛА ОҚУЫНЫҢ ӨМІРМЕН, ОЙЫНМЕН,
ЕҢБЕКПЕН БАЙЛАНЫСЫ.

Проблеманың пайда болуы



ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Проблемалық оқыту технологиясы

Оқушыларды логикалық ойлауға шығармашылық ізденіске жетелейтін ғылыми білімнің жеткілікті қарама-қайшылығын шешудің мақсат ететін мұғаліммен оқушының өзара белсенді іс-әрекетіне негізделген оқу

Ерекшеліктері:

1. Оқушының жаңа ұғымды өз бетінше ізденуге шығармашылық іс-әрекетке бағыттайды.
2. Оқушылар алдына танымдық проблеманы бірізді және мақсатты қоюды көздей отырып мұғалімнің көмегімен жаңа білімді меңгереді.
3. Ойлаудың ерекше түрін қамтамасыз етеді, оқушылардың білімі берік сондай-ақ алған білімді шығармашылықпен өз тәжірибесінде пайдалана алады

Жетістігі

1. Оқушылардың нақты ғылыми дүние танымын қалыптастыруға жағдай жасайды.
2. Оқушылардың өзіндік көз қарасын болуын қамтамасыз ереді.
3. Оқушының танымдық қызғушылығын қалыптастырады.
4. Оқушының ойлау қабілетін дамытады.
5. Оқушыларды шығармашылық ізденіске жетелейді меңгертін құбылыстың жаңа байланыстарын ашуды көздейді.

Кемшілігі

1. Практикалық білім іскерліктерді қалыптастыруда ұдайы тиімді бола бермейді
2. басқа оқыту технологисымен салыстырғанда бірдей көлемдегі білімді меңгеруге көп уақыт қажет етеді.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДАҒЫ МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТІ





. Проблемалық жағдайларды туғызу әдістемелік тәсілдері:

- мұғалім оқушыларды қарсы әрекетке жақындатады және оны шешу жолдарын табуды ұсынады;
- қарсы әрекетті іскерлік қызметіне қарай итереді;
- бір сұрақтың өзін бірнеше түрлермен береді;
- құбылыстарды жан-жақты жолдармен көрсетеді;
- әр жағдайларда салыстыруға, жинақтауға, қортындылауға, деректерді салыстыруға талаптандырады;
- нақты сұрақтар қояды (жинақтауға, дәлелдеуге, нақтылауға);
- ілім және тәжірибелік проблемалы тапсырмаларды анықтайды (мыс: зерттеулер);
- проблемалы тапсырмалар береді (мыс: жеткілікті, не болмаса жеткіліксіз мәліметтер, нақтылы емес сұрақтар, қарсы әрекеттік мәліметтер, қатесі бар, қысқа шешімді тапсырмалар т.б.).

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН:

- ЕҢ МАҢЫЗДЫ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ТАҢДАУ;
ОҚУ БАРЫСЫИДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ -
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ;
- ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ҚОЛАЙЛЫ
ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ, ОҚУЛЫҚТАР ЖӘНЕ
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАР МЕН НҮСҚАУЛАР
ШЫҒАРУ;
- МҰҒАЛІМНІҢ ШЕБЕРЛІГІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ
КӨЗҚАРАСЫ КЕРЕК.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІН ЖҮРГІЗУ ДИДАКТИКАНЫҢ
ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МЫНАДАЙ КЕЗЕҢДЕРГЕ
БӨЛІНЕДІ:

ПРОБЛЕМАЛЫҚ АХУАЛДАР ТУҒЫЗУ ЖОЛЫН АЛДЫН АЛА
ДАЙЫНДАУ.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАРДЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ДҰРЫС ҚҰРУ.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ АМАЛДАРЫН КҮНІ
БҰРЫН ДӘЛ БЕЛГІЛЕУ.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫН
ЗАҢДЫ ТҮРДЕ ДӘЛЕЛДЕУ.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ДҰРЫС ШЕШІЛГЕНДІГІН
ТЕКСЕРУ, ТИІСТІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖАСАУ.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ АХУАЛ - ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИГЕРГЕН БІЛІМІ МЕН ІСКЕРЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЖЕТТІ ҰҒЫМДАР МЕН ФАКТІЛЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ СӘЙКЕССІЗДІК. ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗІ БЕРІЛГЕН ЕСЕПТІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІН ЖАСАУ, АЛГОРИТМІН ҚҰРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БҰЛ КЕЗДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТІ ОРЫНДАЛАДЫ. ПРОБЛЕМАЛЫҚ АХУАЛДЫ ҚАМТИТЫН ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС - ӘРЕКЕТ ТАНЫТАДЫ. БІРАҚ КЕЗ – КЕЛГЕН ЕСЕПТІҢ ҚОЙЫЛЫМЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ АХУАЛ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛМЕЙДІ.

ОҚУ МАТЕРИАЛЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ БОЛУЫ ҮШІН КЕЛЕСІ ШАРТТАР ЕСКЕРІЛУІ ТИІС:

- ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТҮСІНІКТІЛІГІ;
 - ОНЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҒЫ;
 - ПРОБЛЕМАНЫҢ МАЗМҰНЫ.
- 
- A decorative graphic consisting of several parallel white lines of varying lengths, slanted diagonally from the bottom right towards the top right, located in the lower right quadrant of the slide.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫМЫ



қ\с	Сабақ кезеңдері	Мақсаты	Жүзеге асыру тәсілдері	Жетістігі
1	Өткен сабақтар бойынша пысықтау	Игерген білімді жүйелеп, оны практикада қолдана білу	Оқушыларға қысқа өтіп жауап жаздыру немесе олардың пікірлесу арқылы білімін ауызша тексеру	Сынып оқушылары түгел дерлік өз білімдерін көрсетеді
2	Пысықтауды қорытындылау	Өтілген материалдарының қажеттілерін жинақтап, оларды байланыстыра отырып келесі тақырыпқа көшу	Оқушылардың жеке жұмыстарына қысқаша шолу жасау	Оқушылар өз жұмыстарының нәтижесін көріп, келесі өтілетін тақырыпты қабылдауға ынталы болады
3	Проблемалық жағдай туғызу	Оқушыларды ойлауға, ынталандыруға үйрету	Проблемалық мәселені баяндап беру	Оқушылардың сабаққа ынтасын арттыру
4	Проблеманы шешу жолдарына болжам жасау	Бұрынғы білімдерін пысықтай отырып, жаңа материалды баяндау және оны талдауға үйрету	Оқушылармен эвристикалық (ойлап тапқыштық) бағытта әңгімелесу	Оқушылардың ойлау қабілетін дамытады.
5	Болжамды дәлелдеу	Алынған білімді бекіту және іскерлік қалыптастыру	Пікірлесу, мысалдар келтіру және оны оқушылар көмегімен шешу	Қойылған мәселеге сын көзқараспен қарауға, талдау жасай білуге үйретеді.
6	Проблема шешімінің дұрыстығын тексеру	Алынған білімді бекіту және іскерлік пен дағды қалыптастыру	Қателіктерді пысықтау, шешімді қорытындылау, тапсырмаларды орындау, есептер шығару	Оқушылардың өздеріне деген сенімдерін орнықтырады